

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз бір ел, бір халық болып ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Жаңа Конституциямызды қабылдадық. Еліміздің бас құжатында ғылым мен білімге, инновацияға басымдық бердік. Ең бастысы, жаңа Конституция өскелең ұрпақтың игілігі үшін жазылды. Кеше ғана тарихымызда тұңғыш рет Құрылтай сайлауы өтті. Бұл сайлау сәтті, мінсіз ұйымдастырылды деп айтсақ, қате болмас. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүкіл халқымызға азаматтық кемелдік танытып, жаңару стратегиямызды қолдағаны үшін мың да бір алғысымды айтамын.



АСТАНА КӘСІПКЕРЛЕРІ
КӨШ БАСТАП ТҮР

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ
ЖАЗАСЫ КҮШЕЙДІ

6-БЕТ | ҚОҒАМ

№100
(4998)
Сейсенбі
25 тамыз
2026 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАРИХИ ЖЕҢІСПЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Эквадордың Гуаякиль қаласында өткен дзюдодан жастар арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасын аралас командалық жарыстағы айтулы жеңісімен, ал Ғабит Расулханды, Фатима Сұпығалиеваны, Әділжан Жаудиновті жекелеген сында алтын медальға ие болуымен құттықтады.

Президент жас чемпиондардың спорттағы жолы жарқын болуына және жаңа биіктерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Қазақстандық дзюдошылар әлем біріншілігінде 4 алтын, 3 күміс және 4 қола – барлығы 11 медаль жеңіп алып, отандық дзюдо тарихындағы үздік нәтижеге қол жеткізді.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық дзюдо федерациясының президенті Мариус Визермен сөйлесті. Ұйым жетекшісі Мемлекет басшысын балуандарымыздың әлемдік жастар турниріндегі бұрын-соңды болмаған бірегей жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Туризм және спорт министрлігімен, сондай-ақ Ұлттық федерациямен сындарлы ынтымақтастық орнатқаны үшін халықаралық ұйымның басшысына ризашылығын білдіріп, соның нәтижесінде елімізде дзюдо күресі кеңінен дамып келе жатқанына тоқталды.

САНСӨЙЛЕМ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ
КҮНІ АСТАНАДА

25 СӘБИ
ДҮНИЕГЕ
КЕЛДІ.

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕРДІ

Елімізде тұңғыш рет Құрылтай сайлауы өтті. Орталық сайлау комиссиясының алдын ала шыққан мәліметінше, 2026 жылғы 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттарын сайлауға 9 миллион 351 мың адам келді. Сайлауға қатысқан 7 партияның 5-еуі 5 пайыздан жоғары көрсеткішті бағындырды.

18 МИЛЛИОН ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАДЫ

Биыл iKotek109 орталығы елорда тұрғындарынан 1,5 миллион өтініш қабылдады. Ал ашылған кезеңі, яғни 2018 жылдан бері 18 миллион өтінішті қабылдап, өңдеді.

Бүгінде орталық қаланы басқару жүйесінің негізгі буындарының біріне айналып, мемлекеттік органдардың, коммуналдық қызметтердің, аудан әкімдіктері мен жедел қызметтердің жұмысын үйлестіреді. Жыл басынан бері iKotek109 орталығына 1,5 миллионнан астам өтініш түскен. Тұрғындар көбіне кеңес алу үшін жүгінеді. Негізгі мәселелер қатарында денсаулық сақтау, қоғамдық көлік, электрмен қамту, коммуналдық қызметтер және қала инфрақұрылымы бар. Айта кетейік, биыл қаңтар айында байланыс орталығы Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығының мамандары әзірлеген жеке ақпарат жүйесі – iKotek 2.0 платформасына толықтай көшті.



1-СЫНЫПҚА – 35 МЫҢ БАЛА

Елордамызда 2026-2027 оқу жылына 1-сыныпқа қабылдау науқаны жалғасып жатыр. Құжат қабылдау 31 тамызға дейін жүргізіледі.

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметінше, бүгінде 30 мыңнан астам бала 1-сыныпқа қабылданды. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін елорда мектептерінің табалдырығын 35 мыңға жуық бүлдіршін аттайды деп жоспарланып отыр. Ата-аналар баласын 1-сыныпқа қабылдату үшін құжаттарды «электрондық үкімет» порталы – www.egov.kz арқылы электронды түрде тапсыра алады. Сонымен қатар құжаттарды мектепке барып, қағаз түрінде де өткізуге мүмкіндік бар. Ал 1-сыныпқа қабылдау тәртібі бойынша толық ақпаратты ата-аналар тұрғылықты жері бойынша мектептерден немесе электронды порталдардан ала алады.





Президент Құрылтай сайлауының маңызы айрықша екенін атап өтіп, бұл саяси оқиға ауқымды өзгерістердің жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты.

– Бұл – еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл – маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріңіз біліп, куә болып отырсыздар. Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Осы сайлау – сол жұмыстың бастауы ғана, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі өзгерістерге қатысты бірқатар сауалға жауап берді.

ҚОЛ ҚУСЫРЫП ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Сағыныш ӘБІКЕЙ, «Хабар» телеарнасының тілшісі:

– Сіз конституциялық реформа тарихи өзгерістердің бастамасы екенін, түбегейлі жаңғырту келесі жылға дейін жалғасатынын айттыңыз. Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі іске кірісіп, Вице-Президент лауазымы тағайындалғаннан кейін елде қандай өзгерістер болады?

– Жұрттың бәрі Вице-Президент лауазымы туралы сұрап жатыр. Расында, бұл – айтулы өзгеріс. Біз Конституциямызға жаңа лауазымды арнайы енгіздік. Себебі қазіргі бұлыңғыр заманда мұндай лауазым елімізге өте қажет. Келесі аптада немесе он күн ішінде Вице-Президент кім екені мәлім болады. Мен оны қазір анық айта алмаймын. Ол белгілі, сіздер жақсы білетін адам болады деп ойлаймын. Тағы басқа реформаларды іске асырамыз. Мысалы, Қазақстан Халық Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Халық Кеңесі дегеніміз – жаңа орган. Кейбір азаматтар Ассамблея туралы сұрап жатыр екен. Халық Кеңесі Ассамблеяның атқарған қызметін одан әрі күшейтеді деп ойлаймын. Бұл көпфункционалды, жаңа саяси тетік деп айтуға болады. Сондықтан Кеңестің жұмысы жемісті болатынына кәміл сенемін. Жалпы, жоспарымыз өте ауқымды. Осыған дейін айтқанымдай, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуы керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі. Емханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, басқа да нысандар салынады. Астанада жаңа көпір, Домбыра сарайы, Су ресурстарын зерттеу орталығы секілді маңызды нысандар бой көтереді. Қалаларды абаттандыру керек. «Таза Қазақстан» акциясын ойдағыдай жалғастыру қажет. Сондықтан қол қусырып отыруға болмайды. Бәріміз бір ел болып іске кіріскеніміз жөн. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, Отан үшін бәріміз күш салуымыз керек. Жалпы, саяси науқан жақсы өтті. Себебі жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды идеялар айтылды. Бұл Құрылтай еліміздің дамуына тың серпін береді деп ойлаймын.

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰТЫМДЫ ЖҰМСАЛУЫ ТИІС

Тамара Вааль, Vlast.kz интернет басылғысының тілшісі:

– Жуырда Конституциялық сот жариялаған түсіндірмеге сәйкес, Сіздің Мемлекет басшысы ретінде Президент



МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ОҚИҒА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік сарайында орналасқан №520 сайлау учаскесінде Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берді әрі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.



лауазымына қайта сайлануға құқығыңыз бар екен. Сіз өз құқыңызды пайдаланып, 2029 жылғы Президент сайлауына түсуді жоспарлап отырсыз ба? Президент сайлауы 2029 жылы өте ме, әлде кезектен тыс сайлау болуы мүмкін бе?

– Конституциялық сот осындай шешім қабылдады. Әлбетте, заң жүзінде менің қайта сайлануға құқығым бар. Бірақ алдағы уақытта сайлау өткізуге және оған қатысатыным немесе қатыспайтыным туралы сөз қозғауға әлі ерте. Біз еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді еңсеруіміз керек. Тұтас Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдырып, ең алдымен, азаматтарға арналған әлеуметтік нысандар салуымыз қажет. Бұл мақсатқа Ұлттық қордың қаржысын пайдалануға дайынмын. Халықтың игілігіне жарата алмасақ, қаражатты шетелдерде құнды қағаз ретінде ұстап отырудың қажеті қанша? Қаржыны жай ғана ұстап отыруға қарсымын. Қаражат халқымыздың, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек. Әрине, әлемдегі жағдайға баса назар аударуымыз, жан-жақты талдауымыз қажет. Өздеріңіз білесіздер, геосаяси ахуал күрделі. Бұралаң жолмен жүргенімізге қарамастан, ел ішінде бейбітшілікті сақтап, дамуға қарай бет алып келеміз. Экономикалық өсім анық байқа-

лады. Мұны негізгі халықаралық қаржы институттарының бағасы да растады. Алдағы уақытта тағы жолығармыз. Бәлкім, келесі жылы... Сол кезде сізге нақты жауап беремін.

ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ НҰСҚАЙДЫ

Рауль Ғабитов, «24кz» телеарнасының тілшісі:

– Құрылтай іске кіріскеннен кейін, сіздің ойыңызша, жаңа заң шығарушы орган бірінші кезекте қандай заңдарды қабылдайды? Құрылтай депутаты қандай қасиетке ие болуы керек? Оның сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі қандай?

– Алғашқы бір палаталы Парламент сайлауының тарихи мәні зор. Құрылтай сайлауына үлкен үміт артамын. Еліміздің дамуына тың серпін береді деп санаймын. Жаңа тұлғалар мен жаңа идеялар пайда болды. Жастардың ой-пікірін еркін жеткізуін, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосуын әрдайым қолдаймын. Депутаттар, ең алдымен, заңның сапасына жауап береді деп сенемін. Екіншіден, олар берген уәделерін немесе бағдарламаларын орындауға тиіс. Үшіншіден, ел дамуына ықпал ететін заңдар қабылдануы керек. Қазір заман күрделі. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Сондықтан

туған елімізді озық, заманауи мемлекетке айналдыру жолында күш-жігерімізді біріктіру керек. Бұл ретте Конституция бізге мол мүмкіндік береді. Біртұтас ел болып қабылдаған Жаңа Конституциямыз өте озық, мазмұнды құжат деп айтсақ, қателеспейміз. Сондықтан Ата Заң бізге, әсіресе, жастарға жарқын жол нұсқайды. Келешегіміз – жастардың қолында.

КАДРЛЫҚ ШЕШІМ ЖҰМЫСҚА СЕРПІН БЕРУІ КЕРЕК

Саяна Санақова, Atameken Business телеарнасының тілшісі:

– Заңға сәйкес, Құрылтай сайлауынан соң Үкімет жұмысын тоқтатуға тиіс. Соған сай Министрлер Кабинеті жасақталады. Жаңа Үкіметтің бағыт-бағдары мен міндеттері жөнінде не айтасыз?

– Үкімет барынша табанды, жедел жұмыс атқарып, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындап отыр. Дүние жүзіндегі бәсекелестік күшейіп келеді. Нарықтың сын-қатерлеріне мұқият назар аударып, ең бастысы, тиісті деңгейде төтеп беруіміз керек. Әлбетте, Үкімет отставкаға кетеді. Үкімет құрамында бірқатар өзгеріс болады. Ашығын айтқанда, дәл бүгін Үкімет жұмысына аландауға немесе оған сын айтуға қандай

да бір негіз жоқ. Министрлер де, Үкімет жетекшісі де қолдан келгенше міндеттерін атқарып жатыр. Бірақ кадрлық өзгерістер әрдайым болады. Өйткені бұл Үкіметтің жұмысына қан жүгіртеді. Мәселе біреуді орнынан босатуда емес. Мен жай сылтаумен жұмыстан шығаруға қашанда қарсымын. Әсіресе, қазіргі тілмен айтқанда, медиадағы контент немесе мазмұн үшін ауыс-түйіс жасаудың қажеті жоқ. Кадрлық шешім шын мәнінде жұмысқа тың серпін беруі керек. Бәріміз айтып жүрген жаңғыру үдерісі үздіксіз жүргізілуге тиіс. Өйткені бұл күрделі процесті алға жетелеп отыру қажет. Бұл істе Үкімет маңызды рөл атқарады.

Ділназ Ерланқызы, Jibek joly телеарнасының тілшісі:

– Сіз Мемлекет басшысы ретінде жастарға сенім артып, оларға ұдайы қолдау көрсетіп келесіз. Құрылтай депутаттығына үміткерлер арасында түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген жастар бар. Сіздің ойыңызша, олар Құрылтай жұмысына серпін бере ала ма?

– Оны көре жатармыз. Біз жастарға сенім артамыз. Оларды кезінде түрлі лауазымдарға тағайындадық. Үкіметте жоғары қызмет атқарған жастардың бәрі өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындады деп айта алмаймын. Әрине, түрлі кедергі болуы мүмкін жатады. Дегенмен жастарға сенім артып, жауапкершілік жүктеу керек. Онсыз болмайды. Қазақстан – демография тұрғысынан жас мемлекет. Сондықтан жастарға зор сенім артамыз. Олар да бұған дайын болуға тиіс. Әйтпесе, кезінде министр болып, Үкіметке келген соң жұмыстың берекесін кетіргендер де болды. Бұған жол бермеуіміз керек.

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗҒА ОРАЛУ ҚАЖЕТ

Юлия Магер, «Казакстанская правда» газетінің тілшісі:

– Баяндамаларыңыздың бірінде азаматтардың жүріс-тұрысының жаңа мәдениеті мен жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жөнінде айтқан едіңіз. Бастамаңызды бірқатар танымал азаматтар іліп әкетті. Көбінесе ұлттық тәлім-тәрбиеге сай ұстамды болып, адамды құрметтей

білу қасиеттеріне арқа сүйеу қажет екені айтылып жүр. Өзгелерге құрмет, заң мен тәртіпті сақтау, өзінді сыйлау және жауапкершілік таныта білу азаматтарымыздың күнделікті дағдысына айнала ма?

– Білсеңіз, бұл іске өзін бас-тамашы болдым. Науқан емес, нақты іске. Өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім. Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған. Әсіресе, әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені көзге оғаш көрінеді. Бұл не масқара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыздар ма? Еркектер қолының ұшын ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сәл жымиса ғана жеткілікті. Әрқашан солай болған. Тіпті, осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеудеңізге қойып амандасыңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жаңа жүріс-тұрыс әдеби туралы мәселе көтердім. Жалпы, бізге тазалық, тәртіп мәдениетін дәріптеу керек. Қолымыздан келмейді деп кім айтты?! Біз де жасыл желекті жақсы көреміз. Қазір Астанада, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда оң өзгерістерге куә болып жүрсіздер. Біз өңір басшыларына жоғары талап қойдық. Осы іспен түпкілікті айналысамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында ғана емес, ой-сананың, жан дүниенің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бірі айтқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек.

Айсұлтан Құлшыманов, Tengritnews ақпарат агенттігінің тілшісі:

– Жасанды интеллекті Қазақстанның жаңа экономикалық моделінің негізі деп атадыңыз. Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Межелі міндеттер орындалып жатыр ма? Оның күнделікті өмірге әсеріне қандай баға бересіз?

– Өте орынды сұрақ. Өйткені 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Жолдауда осы тақырыпты қозғаймын. Біз цифрлық мемлекет құрудың, яғни цифрлық қызметтер ұсына алатын мемлекет болудың алғашқы кезеңінен өттік. Өзге елдермен салыстырғанда өміріміз әлдеқайда жеңілдеді. Мұны өздеріңіз де көріп, байқап жүрсіздер. Қазір көп шаруаны үйден шықпай-ақ шеше аласыздар. Бұрын мұның бәрін реттеуге уақыт жұмсап, табан тоздыруға тура келетін. Сондықтан цифрлық сервис көрсететін мемлекет ретінде қалыптасу қажет болды. Қазір келесі кезеңге қадам бастық. Үкіметке алғашқы сатыда қалып қоймай, халықаралық келіссөздер жүргізу жөнінде тапсырма бердім. Цифрландыру мен жасанды интеллект халыққа, еліміздің барша азаматына қызмет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, смартфон ермек үшін ұстап, ертеден кешке дейін TikTok-қа телміретін құрал емес. Смартфонмен ақша табуға болады. Мәселені осылай төтесінен қойған жөн. Әсіресе, бұл шаруаларға керек. Олар ауыл-аймақтан шықпай-ақ кәсібін жүргізуге заманауи технологияны пайдалана алады. Алдағы уақытта Үкімет дәл осы міндетті орындайды.

ЖЕҢІМПАЗДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадаларында жеңімпаз атанып, жүлделі орындарға ие болған оқушылармен және студенттермен кездесті.

Салтанатты іс-шараға 21 лауреат, сондай-ақ олардың ұстаздары мен тәлімгерлері шақырылды. Физика, химия, биология, математика, информатика, география және лингвистика пәндерінен беделді білім сайысында топ жарған жеңімпаздардың 6-уы – алтын, 11-і – күміс, 4-еуі – қола медаль иегері.

Президент білім сайысында үздік нәтижеге қол жеткізген дарынды жастарды жарқын жеңісімен құттықтап, оларға шынайы ризашылығын білдірді.

– Әрқайсыңыз әлемнің ең зияткер оқушыларымен бәсекеге түсіп, беделді білім додаларында топ жардыңыздар. Көк Туымызды биікке көтеріп, еліміздің абырой-беделін арттыруға мол үлес қосып жүрсіздер. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Қазақстанның жарқын болашағы – ойы ұшқыр, білімді, дарынды жастардың қолында. Мен Мемлекет басшысы ретінде бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Сіздер ел мақтанышы деген атқа лайықсыздар! – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – нағыз дарынды жастардың елі. Ұл-қыздарымыз барлық бағытта, әсіресе, білім саласында үздіктер қатарынан көрініп келеді.

– Биыл оқушыларымыз 44 халықаралық олимпиада мен ғылыми сайысқа қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды. Оның 200-ден астамы – алтын медаль. Мұны тамаша жетістік деуге болады. Осы тұста халықаралық физика олимпиадасында керемет өнер көрсеткен оқушыларды ерекше атап өткім келеді. Беделді бәсекеге



қатысқан бес талапкеріміздің бесеуі де алтын медаль алып, жеңімпаз атанды. Бұл – бұрын-соңды болмаған бірегей көрсеткіш. Жалпы, біз барлық бағыттар бойынша осындай үздік нәтижеге ұмтылуымыз керек. Қазақстан жастарының әлеуеті оған толық жетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз тарихи өрлеу кезеңіне қадам басқанына назар аударды.

Осы орайда Президент мемлекет тарапынан барша дарынды жастарға әрдайым қолдау көрсетілетінін, жастардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін барынша жағдай жасалатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың талантты шыңдап, білім берген ұстаздар қауымына алғыс айтты.

– Қазір біздің ортамызда саналы ұрпақ тәрбиелеп, оларды үздіктер қатарына қосқан ұлағатты ұстаздар отыр. Сіздердің ерен еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Қабілетті балаларды оқытып, оларды халықаралық жарыстарға даярлайтын педагогтерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл – ең ізгі іс. Сіздердің еңбектеріңізді мемлекет міндетті түрде ескереді. Үкімет пен өңір басшыларына осындай тапсырма беріледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімде халықаралық пән олимпиадаларында алтын, күміс және қола медаль иеленген оқушылар мен студенттерге сәйкесінше 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай сыйақысы бар сертификаттарды табыстады.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров 23 тамызда өткен Құрылтай депутаттары сайлауының нақтыланған алдын ала нәтижелерін жариялады.

ҚҰРЫЛТАЙҒА ҚАНДАЙ ПАРТИЯ ӨТТІ?

Сонымен, дауыс жинау көрсеткіші бойынша «Әділет» партиясы – 6528948 адам немесе 71,17 пайыз, ЖСДП – 469058 адам немесе 5,11 пайыз, «Байтақ» партиясы – 97751 адам немесе 1,07 пайыз, ҚХП – 285395 адам немесе 3,11 пайыз, «Ауыл» партиясы – 574621 адам немесе 6,26 пайыз, «Ақжол» партиясы – 478083 адам немесе 5,21 пайыз, Respublica партиясы 509631 адам немесе 5,56 пайыз дауыс жинады. Ал 230446 адам немесе сайлаушылардың 2,51 пайызы бәріне қарсы болды.

– Дауыс беру күні сайлау рәсімдерін байқауды 51 мыңнан астам ұлттық

байқаушы жүзеге асырды. Оның ішінде кандидаттардың, саяси партиялардың 7300 сенім білдірген адамдары, саяси партиялардан 24879 байқаушысы, 182 аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерден 26887 байқаушысы, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың 777 байқаушысы қатысты. Сайлау учаскелерінде шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысып, сайлау барысын жария етіп отырды. Оның ішінде қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарынан – 1852 өкіл, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарынан 117

аккредиттелген журналист, – деді комиссия төрағасы.

– Сайлау процесінің барлық кезеңінде ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың сайлау құқығын толық жүзеге асыруына қажетті жағдай жасауға баса мән берілді. Сайлау туралы конституциялық заңның нормаларына сәйкес, Құрылтай сайлауының қорытындылары Орталық сайлау комиссиясының отырысында сайлау өткен күннен бастап 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде белгіленеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Отырысты өткізу күні мен уақыты қосымша хабарланады, – деді ол.

	71,17 %
	5,11 %
	1,07 %
	3,11 %
	6,26 %
	5,21 %
	5,56 %
БӘРІНЕ ҚАРСЫ	2,51 %



АСТАНА ӘКІМІ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Құрылтай депутаттарын сайлауда өз таңдауын жасады. Бұл туралы ол Instagram парақшасында жазып, сайлау елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға екенін айтты.

«Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға. Жаңа Конституцияға сәйкес, Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органға айналады. Мемлекет басшысы атап өткендей, Құрылтай әралуан көзқарас пен ұлт келешегі жолындағы ұмтылыстар тоғысатын біртұтас алаң болуға

тиіс. Осылайша, Құрылтай ел жаңғыруына тың серпін беретін құрылымға айналмақ. Сайлау – әрбір азаматтың өз ұстанымын білдіріп, елдің алдағы даму бағытын айқындауға тікелей қатысуына мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық үдеріс. Астанада дауыс беруге барлық қажетті жағдай жасалды» деді қала әкімі.



ЕЛОРДАДА САЙЛАУ БАРЫСЫ ҚАЛАЙ?

Бас қалада сайлауды ұйымдастыру және өткізу жұмысы белгіленген талапқа сәйкес жүргізілді. Қала аумағында сайлау учаскелерінің жұмысы ұйымдастырылып, азаматтардың таңдауын жасауына барлық қажетті жағдай жасалды.

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы жүйесінде барлығы 520 учаскелік сайлау комиссиясы құрылды. Оның ішінде 403 учаске азаматтардың тұрақты тіркелген жері бойынша орналасса, 117 учаске азаматтардың уақытша болатын орындарда жұмыс істеді. Уақытша учаскелердің 82-сі шетелдегі ҚР дипломатия өкілдіктерінде орналасты. Осылайша, Астана қаласының аумағында нақты 438 сайлау учаскесі болды. Оның 403-і тұрақты учаске болса, 35-і – ауруханаларда, әскери бөлімдерде және арнайы мекемелерде құрылған уақытша учаскелер.

Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етуге барлығы 4263 сайлау комиссиясының мүшесі жұмылды. Оның ішінде 4214 адам учаскелік сайлау комиссияларында, 49 адам қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларында жұмыс істеді. 2026 жылғы 2 тамыздағы мәлімет бойынша Астана қаласында сайлаушылар тізіміне 1014817 азамат енген. Биыл алғаш рет дауыс берген жастардың саны 10 мыңнан асты. Құрылтай депутаттарының сайлауына республика бойынша барлығы 777 халықаралық байқаушы аккредиттелді. Оның ішінде

42 шет мемлекеттен 160 байқаушы және 13 халықаралық ұйымнан 617 байқаушы болды. Астана қаласындағы сайлау учаскелеріне бару кестесінде 67 халықаралық байқаушы көрсетілген. Сонымен қатар қала бойынша байқау қызметін жүзеге асыру үшін 23 қазақстандық үкіметтік емес ұйым аккредиттелген. Астана қаласындағы сайлау учаскелерінде 4 мыңнан астам байқаушы жұмысын атқарды. Мүгедектігі бар азаматтарға жағдай жасалды. Астана қаласында дауыс беру жасына жеткен мүгедектігі бар шамамен 7 мың азамат бар. Оларға арнайы дайын-

дықтан өткен еріктілер көмек көрсетті.

Сайлау күні мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдау үшін 130-дан астам мамандандырылған автокөлік жұмыс істеді. Денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтарға үйден дауыс беру мүмкіндігі қарастырылды. Қала бойынша 389 азаматтан үйден дауыс беруге өтініш түскен. Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсенбай Жұмабековтің айтуынша, сайлау процесі штаттық режимде өтті. ОСК мәліметі бойынша елордада халықтың 51,67% дауыс берді.





САЙЛАУҒА ӘНДЕТІП КЕЛДІ

Үркер тұрғын алабындағы «Парасат» ансамблінің әжелері сайлау учаскесіне көтеріңкі көңіл күймен келді. Ақ жаулықты әжелер халық әндерін әуелете шырқап, айналаға ерекше сән берді.

2018 жылы құрылған өнер ұжымының құрамында 60-80 жас аралығындағы 19 өнерпаз әже бар. Ансамбльдің репертуары: қазақтың халық әндері және елге кеңінен танымал музыкалық

шығармалар. Өнерді өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырғандар ел өміріндегі маңызды науқаннан шет қалмай, азаматтық ұстанымын білдірді. Олар сайлау учаскесінде ән айтып, тұрғындарға

көтеріңкі көңіл күй сыйлады. – Елдің ертеңі үшін әр азаматтың дауысы маңызды. Сондықтан сайлауға келіп, өз таңдауымызды жасау – азаматтық парызымыз, – дейді ансамбль мүшелері.

ТАНЫМАЛ АДАМДАР ДАУЫС БЕРДІ

Астанада Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс беруге танымал мәдениет қайраткерлері, елге әйгілі спортшылар мен зиялы қауым өкілдері де қатысты.



Таң атқаннан бастап олар қаланың әр ауданындағы сайлау учаскелеріне барып, таңдауын жасады. Танымал қазақстандықтардың сайлау учаскелеріне келуі қала тұрғындарының да назарын аударды. Учаскелерде жылы әрі ерекше көңіл күй қалыптасып, тұрғындар сүйікті өнер иелерімен және спортшылармен әңгімелесіп, естелік суретке түсті.

Дауыс беруге мәдениет саласының өкілдері, оның ішінде Алтынай Жорабаева, Мақпал Мыса, Гүлмира Жакилина, Нұрқанат Жақыпбай, Құрманбай Махан және басқа да танымал тұлғалар қатысты. Сайлауға белгілі боксшы Василий Левит, танымал спортшылар Айбек және Нұрбек Оралбайлар, Малика Абжанова, Меруерт Балғынбаева және спорт қауымдастығының өзге де өкілдері келді. Сондай-ақ елорданың зиялы қауым өкілдері Роза Мұқанова, Сауытбек Абдрахманов, Дәулеткерей Кәпұлы, Кәрімбек Құрманәлиев және басқа да азаматтар сайлауда дауыс берді.

Жалпы мәдениет, спорт қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдерінің сайлауға қатысуы маңызды саяси науқанның қоғамның әртүрлі саласының өкілдері үшін мәні зор екенін көрсетті. Олардың әрқайсысы таңдауын жасап, азаматтық ұстанымын білдірді.

НАУҚАН КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗЫҚТАР

Сайлау күні елорданың сайлау учаскелерінде түрлі іс-шара ұйымдастырылды. Мысалы, учаскелердің біріне робот-итпен келген адам жұртшылықтың назарын аударса, №315 сайлау учаскесіне дауыс беру үшін Тазша бала келді.

Тұрғындардың таңданысын тудырған Тазша бала сайлау барысын қызығушылықпен тамашалады. Ол учаскедегі жұрттың назарын аударып, көңіл күйді бір серпілтіп тастады. Сонымен қатар кей учаскелерге робот-итпен келушілер де назар аудартап қоймады. Құрылтай логотипі бар фотосурет түсіріп, оны бірден басып шығаруға мүмкіндік беретін фотокабиналар жұмыс істеді, компьютермен 3D-ойын ойнатылды. Бұдан бөлек, сайлау учаскелерінің бірінде балаларға арналған шағын шығармашылық аймақ ұйымдастырылды. Онда балдырғандар сурет салып, шығармашылықпен айналысты. Бұл ата-аналарға дауыс беру рәсіміне қатысуға мүмкіндік берсе, бүлдіршіндер үшін сайлау күнін қызықты әрі мазмұнды өткізуге жағдай жасады. Басқа да түрлі образбен киініп келген сайлаушылар көпшіліктің назарын аудартты. Атап айтқанда, халат киген бойжеткен биыл да сайлауда бой көрсетті. Ал зейнет жасындағылар ұлттық киіммен келіп, сайлау учаскесіне өзіндік сән берді.



ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ

Қазақстан жастары дауыс беруге келіп қана қоймай, сайлау процесін ұйымдастыруға да үлес қосты. Астаналық учаскелердегі жұмысқа «Жас сайлаушылар клубының» мүшелері атсалысты, ал жас волонтерлер азаматтардың сұрақтарына жауап беріп, сайлау учаскесінде бағыт-бағдар көрсетті, сондай-ақ алғашқы Құрылтай депутаттарын сайлаудың маңызы туралы ақпарат берді.

Елорданың өзінде қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп клубтың 29 мүшесі жұмыс істеді.

– Біз ерікті ретінде азаматтарға көмектесіп, сұрақтарына жауап беріп, қайда бару керектігін түсіндірдік. «Жас сайлаушылар клубы» – жастарға сайлау процесіне тікелей қатысуға мүмкіндік беретін әрі оның ашықтығын арттыруға ықпал ететін бастама, – дейді клуб мүшесі Темірлан Мақұбаев.

Клуб мүшелерінің айтуынша, жастар қазірдің өзінде елдің қоғамдық өміріне белсене араласуға ұмтылып келеді.

– Біз, жастар, қазірдің өзінде Қазақстанның қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрміз. Әрбір азаматтың ел болашағына өз үлесін қосып, азаматтық ұстанымын білдіруге мүмкіндігі болуы керек деп санаймыз, – дейді клуб мүшесі Еркежан Қазбек. «Жас сайлаушылар клубының» мүшесі Нұрдаулет



Мұқтарбек сайлауға келген әрбір азаматқа шын жүректен алғыс айтатынын жеткізді.

– Сайлауға бейжай қарамау – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Бұл – еліміздің болашағына оң өзгеріс әкелетін маңызды қадам, – деп ой бөлісті.

Айта кетейік, «Жас сайлаушылар клубы» үшін мұндай жұмыс алғаш рет ұйымдастырылып отырған жоқ. Бұған дейін оның мүшелері наурыз айындағы референдум қарсаңында жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға атсалысқан.

ҚЫЗЫЛ КІЛЕММЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Құрылтай сайлауында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде орналасқан №1 сайлау учаскесінде «Қызыл кілем» акциясы ұйымдастырылды.

Креативті іс-шара барысында сайлаушылар үшін есік алдына қызыл кілем төселіп, студенттер келушілерді ыстық бауырсақ және шаймен қарсы алып, учаскедегі көңіл күйдің көтеріңкі болуына септік етті.

– Науқанға біздің оқу орнының 6000-ға жуық студенті қатысу мүмкіндігіне ие. Ал бұл акцияның мақсаты – жастарға және келуші халыққа ерекше әсер қалдырып, олардың қызыл

кілеммен жүріп өту арқылы тарихи сәттің маңызын жоғары деңгейде сезінуіне ықпал ету, – дейді университеттің әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректоры Ләззат Төлегенқызы.

Сайлау комиссиясының мүшелері қатысушыларды VIP қонақтар ретінде қарсы алып, бұл оларға жағымды, мерекелік көңіл күй сыйлады. Аталған сайлау учаскесінің төрағасы Сұлтан

Ысқақовтың айтуынша, учаскеге 2462 сайлаушы тіркелген. Түскі 12-ге дейін соның 150-ге жуығы келіп, дауыс берді. Оның ішінде университетте сабақ беретін профессорлар, қызметкерлер, жалпы осы манда тұратын тұрғындар бар. Сайлаушылар таңнан бері үздіксіз келіп, бауырсақтан ауыз тиюде. Көбі, әсіресе ақсақалдар, ұлттық шапанын киіп, саяси науқанның маңызына ерекше мән берді.



Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**



Астанада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына және мектеп өміріне толыққанды араласуына жағдай жасау бағытындағы жұмыс жүйелі түрде жүріп жатыр.

ҚАМҚОРЛЫҚ

Бүгінде елорда мектептерінде 5 мыңнан астам бала инклюзивті білім берумен қамтылған. Оқушыларға оқу процесінде қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері жұмыс істейді.

отыр. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолайлы жағдайды одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру баланың тек мектепте білім алуымен шектелмейді. Оның маңызды бағыт-

ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Астананың Сарайшық ауданында тұрғындардың демалуына және спортпен шұғылдануына арналған жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Мұнда футбол алаңы, воркаут аймағы және демалыс орындары жабдықталған.

Сарайшық ауданы әкімдігі өкілдерінің айтуынша, биыл аудан аумағында үш қоғамдық кеңістік ашылған. Аббаттандыру жұмысы аясында 900 шаршы метр аумаққа тас төселіп, үш көлеңкелі бастырма, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Сонымен қатар 19 жарық шамы қойылды. Оның

15-і саябақ шамы болса, төртеуі – көше шамы. Футбол алаңы мен воркаут аймағы да жабдықталды. Аумақты көгалдандыру жұмыстары жалғасуда. Барлығы 200 ағаш отырғызу жоспарланған, қазір оның 60-ы егілді. Жаңа кеңістіктің ашылуына орай 13-15 жас аралығындағы

жасөспірімдер арасында футбол турнирі ұйымдастырылды. Тұрғындар үшін аниматорлардың қатысуымен концерттік және ойын-сауық бағдарламасы да өтті. Іс-шара жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттауға

бағытталған профилактикалық жұмыс аясында ұйымдастырылды. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының еріктілері мен Сарайшық ауданының ТЖД қызметкерлері қатысушыларға түсіндіру жұмысын жүргізді. Балалардың қауіпсіздігіне де ерекше назар аударылды. Ата-аналарға өрт қауіпсіздігі ережелері, балаларды қараусыз қалдырмау және терезе маңына жиһаз қоймау қажеттігі ескертілді.



ТЕГІН АУЫЗ СУ СТАНЦИЯЛАРЫ ОРНАТЫЛДЫ

Астана халықаралық әуежайында жолаушылар мен келушілер тегін пайдаланатын заманауи стационарлық ауыз су станцияларын орнату басталды.



Әуежайдың баспасөз қызметінің хабарлауынша, станциялар көпсатылы сүзгі жүйесімен жабдықталған. Жолаушылар әуежай терминалының ішінде бөтелкесіне немесе басқа да қолайлы ыдысқа ауыз суды тегін құйып алады.

Жаңа сервис әсіресе әуежайда ұшуды, қонуды немесе келесі рейске ауысуды ұзақ уақыт күтетін жолаушылар үшін ыңғайлы. Енді олар өзімен бірге бос бөтелке алып келіп, оны терминал ішінде ауыз сумен толтыра алады.

Ауыз су станцияларын орнату жолаушылардың жайлылығын арттыруға, қолжетімді ауыз су инфрақұрылымын дамытуға және әуежайда болу үшін барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Астана халықаралық әуежайында шілде айында рекорд тіркелді, жолаушылар ағыны бір айда 1 миллион адамға жетті.

Қала мектептерінде қазіргі таңда 98 инклюзияны қолдау кабинеті ашылған. Мұнда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психолог, логопед, дефектолог және басқа да мамандар тарапынан қолдау көрсетіледі. Әр балаға оның жеке қажеттіліктерін ескере отырып, тиісті жағдай жасауға басымдық беріледі.

Инклюзияны қолдау кабинеттерінің тиімділігін елорданың бірқатар мектебіндегі тәжірибеден көруге болады. Бұл кабинеттерде балаларға арналған жеке және топтық сабақтар, логопед пен психолог жұмысы, емдік дене шынықтыру және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылған. Сонымен қатар инклюзивті білім беру ортасын одан әрі дамыту жұмысы жалғасып жатыр. Биыл қосымша 20 инклюзияны қолдау кабинетін ашу жоспарланып

тарының бірі – оқушыны болашаққа дайындау, қабілеті мен қызығушылығына сәйкес мамандық таңдауға бағыттау. Осы мақсатта Астананың 6 мектебінде үш жылдан бері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кәсіби бағдарлауға бағытталған бірегей жоба жүзеге асырылып келеді. Жоба аясында 76 бала жас ерекшеліктеріне сай алғашқы сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруде. Оқушылар теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды игеріп, еңбекке бейімделу мүмкіндігін алады. Ал мектеп қабырғасында қалыптасқан дағдыларын болашақта колледждерде одан әрі дамыта алады. Осылайша, елорда мектептеріндегі инклюзивті білім беру жүйесі ерекше балалардың білім алуына жағдай жасаумен қатар, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, өз қабілетін дамытуына және болашақ мамандығын таңдауға бағытталған.

АСТАНА КӘСІПКЕРЛЕРІ КӨШ БАСТАП ТҰР

Бүгінде Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде шамамен 1 780 кәсіпкер тіркелген. Оның 270-і елордада жұмыс істейді. Бұл – республикадағы жалпы көрсеткіштің 15 пайызы. Осылайша, Астана әлеуметтік кәсіпкерлер саны бойынша Қазақстанда көш бастап тұр.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – экономикалық құндылық қалыптастырумен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет. Атап айтқанда, мұндай бизнес жұмыс орындарын құруға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсетуге, білім беру, оңалту, мәдениет, спорт және басқа да қоғам үшін маңызды салаларды дамытуға үлес қосады.

Астананың әлеуметтік кәсіпкерлер тізілімінде қызмет бағытына қарай төрт санат бар.

Бірінші санатқа халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарды жұмыспен қамтып, олардың еңбекке араласуына және ортаға

бейімделуіне жағдай жасайтын кәсіпкерлер кіреді.

Екінші санатқа әлеуметтік осал топ өкілдері өндірген тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өткізуге жәрдемдесетін кәсіпкерлер жатады.

Үшінші санат – күтім жасау, әлеуметтік қолдау және оңалту сияқты қоғам үшін маңызды қызметтер көрсететін бизнес субъектілері.

Төртінші санатқа білім беру, мәдениет пен спортты дамытуға, отбасы мен балалық шақты қолдауға, халықтың денсаулығын нығайтуға, қоршаған ортаны қорғауға және басқа да қоғамдық маңызы бар мақсаттарға бағытталған жобалар кіреді.

Елордада бұл бағыттағы оң үрдіс

сақталып отыр. Тізілім соңғы рет жаңартылғаннан кейін әлеуметтік кәсіпкерлер саны 26 адамға артқан. Оның ішінде 13 кәсіпкер төртінші санатқа, 11-і бірінші санатқа, ал екеуі үшінші санатқа жатады.

Қала әкімдігі әлеуметтік кәсіпкерлікті кешенді түрде қолдап келеді. Бүгінде елорданың 100-ден астам кәсіпкері түрлі қолдау шараларына ие болды. Олардың қатарында мемлекеттік гранттар беру, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, сондай-ақ ақпараттық-консультациялық қолдау бар.

Әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енгізу үшін өтінімдерді қабылдаудың кезекті кезеңі 2026 жылғы 1-15 қыр-



күйек аралығында өтеді.

Сонымен қатар 15-20 қазан аралығында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беруге арналған ашық конкурсқа өтінімдер қабылдау жоспарланып отыр.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамы-

ту арқылы бір мезетте жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және қаланың тұрғындарға қолайлы әрі инклюзивті ортаға айналуына ықпал ететін бастамаларды қолдауға мүмкіндік бар.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ЖАЗАСЫ КҮШЕЙДІ

САҚТЫҚ ТА, САУАТТЫЛЫҚ ТА КЕРЕК

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

2025 жылдың шілде айынан бастап елімізде жалған ақпарат таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік көздейтін жаңа заң күшіне енді. Бұл – цифрлық дәуірдегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешім. Жаңа талапқа сәйкес, қоғамда үрей туғызатын, шындыққа сәйкес келмейтін немесе азаматтар мен ұйымдардың абыройына нұқсан келтіретін ақпаратты таратқан адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер жалған мәлімет қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке немесе азаматтардың құқықтарына зиян келтірсе, жеке тұлғаларға 20 айлық есептік көрсеткіш, заңды тұлғаларға 100 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал мұндай әрекет ауыр зардаптарға немесе әлеуметтік тұрақсыздыққа әкелсе, айыппұл мөлшері 980 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Бұл заңның басты ерекшелігі – оның тек журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарына ғана емес, әлеуметтік желіні пайдаланатын кез келген азаматқа қатысты қолданылуы. Facebook, Instagram, TikTok, Telegram немесе YouTube ақпарат үшін енді құқықтық жауапкершілік қарастырылған. Тіпті әлеуметтік желіде жалған ақпаратты өзіңіз жазбасаңыз да, оны әдейі таратуға ықпал етсеңіз, мысалы, бөліссеңіз, қолдау білдіретін пікір қалдырсаңыз немесе оның кеңінен таралуына саналы түрде көмектессеңіз, құқық қорғау органдары мұны да ескеруге құқылы. Бұл – цифрлық кеңістіктегі әрбір әрекеттің жауапкершілікпен жасалуы тиіс екенін көрсетеді.

Әлеуметтік желі сөз еркіндігінің мүмкіндігін кеңейтті. Алайда сөз еркіндігі жауапсыздық дегенді білдірмейді. Желідегі әрбір сөздің де жауапкершілігі бар. Интернет кеңістігі де қоғамдық өмірдің бір бөлігі болғандықтан, онда жарияланған әрбір сөздің нақты салдары ескерілуі тиіс. Өйткені жалған ақпарат тек бір адамның беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, қоғамда дүрбелең туғызу, мемлекетке деген сенімді әлсіретуі, тіпті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі де ықтимал. Сондықтан көптеген елдер заңнаманы күшейтумен қатар, азаматтардың медиа сауаттылығын арттыруға басымдық беріп отыр. Қазақстанның жоғарыдағы жаңа заңы да осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. Алайда жалған ақпаратпен күрестің табысты болуы тек айыппұлдың көлеміне

Ақпарат ғасырында шындықтың құны бұрынғыдан да арта түсті. Бір ғана әлеуметтік желідегі жазба, тексерілмеген хабарлама немесе әдейі таратылған қауесет санаулы сағаттың ішінде миллиондаған адамға жетіп, қоғамда дүрбелең туғызуы мүмкін. Сондықтан бүгінде жалған ақпаратпен күрес тек журналистиканың емес, ұлттық қауіпсіздіктің маңызды мәселесіне айналды. Әлемнің көптеген мемлекеттері бұл қауіпке қарсы заңнаманы күшейтіп, цифрлық кеңістікті реттеуге көшсе, соңғы жылдары Қазақстан да осы бағыттағы нақты қадамдарын жасап жатыр.



Заң нақты жалған ақпаратты қасақана таратуды тоқтатуға бағытталуы керек, ал орынды сын, қоғамдық пікір мен азаматтық ұстаным жазалаудың нысанына айналмауы қажет. Сонда ғана жалған ақпаратпен күрес ақпараттық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, қоғамның мемлекетке деген сенімін де арттыра алады

және жазаның ауыр-жеңілдігіне байланысты емес. Ең бастысы жалған ақпараттың жолын кесу әр азаматтың ақпараттық сауаттылығына байланысты екенін де ескерген жөн. Мәселен, бір ақпаратты бөлісерден бұрын оның дереккөзіне көз жеткізу, эмоцияға емес, фактіге сүйену және цифрлық кеңістіктегі әрбір әрекеттің де жауапкершілігі бар екенін сезіну маңызды. Өйткені қай қоғамда болса да, ақпарат тарату құқығымен қатар, ақпараттың ақиқаттығына жауап беру міндеті де қатар жүреді.

Қазақстан жалған ақпаратпен күресуде Финляндия мен

Қытай тәжірибесіне көбірек назар аударғаны дұрыс. Мәселен, Финляндияда мектеп бағдарламасына медиа сауаттылықты енгізіп, оқушыларды ақпараттың шынайылығын тексеруге, манипуляцияны тануға ерте жастан үйретеді. Сарапшылар бұл елді жалған ақпаратқа ең төзімді мемлекеттердің бірі деп есептейді.

Әлемде цифрлық кеңістікті қатаң реттейтін мемлекеттердің бірі – Қытай. Соңғы жылдары бұл ел әлеуметтік желілердегі анонимділікке шектеуді күшейтіп келеді. Көптеген платформаларда пайдаланушылар нақты жеке басын растауға міндетті. Яғни азаматтар өз аты-жөнімен тіркеліп, аккаунттың нақты иесі екендігін дәлелдеуі тиіс. Бұл талаптың мақсаты – жалған аккаунттар арқылы қауесет таратуға, алаяқтыққа және қоғамдық пікірді жасанды түрде өзгертуге тосқауыл қою. Қазақстанда да бірнеше парақшамен тіркелетін азаматтар аз емес. Бұл жалған ақпараттың жылдам таралуына қолайлы орта қалыптастыратыны әлде қашан дәлелденген. Сондықтан біздің елде де әлеуметтік желі қолданушылардың бірнеше атпен тіркелуіне шектеу қойған жөн.

Жалған ақпаратпен күрестің ең тиімді қаруы – заң ғана емес, әр азаматтың ақпараттық мәдениеті. Әрбір оқырман көргенін бірден бөліспей, алдымен оның шынайылығына көз жеткізуді

әдетке айналдырса, қоғамдағы жалған ақпараттың таралуын едәуір азайтуға болады.

Бірақ жалған ақпаратпен күрес сөз еркіндігін шектеудің, қоғамға сын айтып, ұсыныстарын ашық білдіретіндердің «тілін кесіп», «қолын матайтын» тәсілге айналмауы керек. Өйткені демократиялық қоғамда азаматтардың пікір айту, билік жұмысына баға беру және қоғамдық мәселелерді ашық көтеру құқығы сақталуға тиіс. Заң нақты жалған ақпаратты қасақана таратуды тоқтатуға бағытталуы керек, ал орынды сын, қоғамдық пікір мен азаматтық ұстаным жазалаудың нысанына айналмауы қажет. Сонда ғана жалған ақпаратпен күрес ақпараттық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, қоғамның мемлекетке деген сенімін де арттыра алады. Әсіресе, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын ұстанған елде сөз бостандығы мен азаматтардың пікір білдіру құқығы әрдайым қорғалуы тиіс. Мемлекет жалған ақпараттың таралуына тосқауыл қойғанымен, қоғамдағы орынды сынға, конструктивті ұсыныстарға және азаматтық пікірге қысым жасалмауы керек. Өйткені ашық диалог пен еркін пікір алмасу ғана қоғамның дамуына, мемлекеттік шешімдердің сапасын арттыруға және билік пен халық арасындағы сенімді нығайтуға қызмет етеді. Бұл да ескеретін түйін.

СУРЕТСӨЗ



САТИРАНЫҢ САРЫ АЛТЫНЫ

(«Атылған қыздың» авторы)

Сатира сардары Садықбек Адамбековтің ғасырлық мерейтойы елеусіздеу өтіп кетті. Негізі, еленбейтіндей адам емес еді. Еленбейтінің не, жұртты қалжыңмен қажап, құрдастарының ойран-ботқасын шығарып, өз ортасын алатайдай шулатып жүретін қушыкеш адам болған тәрізді. Садықбекті алдап түсіруге ниеттенген қатарластары оны өмірі жеңе алмағанға ұқсайды. Керісінше, Сәкең олардың ауыздарын құншығысқа қаратып, өздерінің ақшасымен өздерін ресторанға апарып, жақсылап «сыйлап» жіберетін болған деседі.

Біз студент кезімізде оны шығармашылық кештерде үнемі көріп қалатынбыз. Жүрген жерінің бәрі ойын-күлкі. Құтың-құтың етеді. Қыз-келіншек көрінсе, көзі күлімдеп сала береді. Оған бәрі жарасады. Сөзі де, өзі де еркін...

Садықбек Адамбеков – әйгілі «Атылған қыз туралы аңыздың» авторы. Жалғыз ол емес, сол тұста елдің аузынан түспейтін «Қожанасыр қақпасы», «Көсенің көзі», «Аюбайдың ажалы» деген шығармаларды да сол кісі жазған. Оны айтасын, бірқақпайдан ешкімге дес бере қоймайтын Көпен інісі «Нива» машинасын сатып алып, ағасын әспеттеп мінгізе қойғанда, «Көліктерің қандай күшті-ей, ішіне арттан теуіп кіргізіп, сақалдан сүйреп түсіреді екенсіңдер!», – деп екі ауыз сөзбен екі бүктеп кеткен де сол мықтының өзі.

Бір күні фототілші Шүкір Шахай оны Алматыдағы Бас почтаның маңынан көріпті. Білдірмей суретке тартып жіберейін десе, көзі қиырдағыны шалатын сары шал оңайлықпен алдыра қоймайды. Екі көзі алақ-жұлақ етіп, байқамайтынды байқап қоятынын қайтерсің. Бүкіл амалы күйреген Шүкір беттің арын белбеуге түйіп, ақсақалдың қасына келіп, ойлы Оңтүстіктің, шырайлы

Шымкенттің үлгілі үрдісімен сыпайы сәлем беріп, суретке түсіруге рұқсат сұрайды. – Әй, сен бала, тұра тұр, әуелі мен мына почтаға кіріп шығайын. Не ғылған сурет ол? Жұр, менімен бірге! – дейді бастырмалатып.

Содан Шүкір көкесі екеуі Бас почтаға беттейді. Сатирик ішке кіргеннен байланыс мекемесіне жан бітеді. Садықбек көкемнің танымайтын пошташысы жоқ дейді. Есіктегі Елена-наға дейін түгелдеп шығады. Светамен сөйлесіп, Шурамен шүйіркелесіп, Катяны күлдіріп, Наташаға наз айтып, бүкіл елді қалжыңға көміп, әбден естерін тандырады. Соған қарағанда Бас почта бас сатириктің күніге бір соғып, күлкіге қарық қып кететін, үнемі үйірсектейтін үйреншікті үй болса керек.

Садықбек көкем содан кейін ғана Шүкірдің ыңғайына көніп, суретке түсуге бейімделе бастайды. Мына суретте сары алтындай сатириктің киоскіге кездейсоқ келген болып, оң жақ самайын көздеп тұрған фототілшіні байқамағанысып, әйнекке ағып бетінен сығалап, газет қарағанысып, қысқасы, «Тосыннан түсірілгенде» жобасында өте сәтті ойнап тұрған кезі...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ



Астананың Нұра және Алматы аудандарында барлығы 32 көпбалалы анаға мемлекеттік наградалар табысталды.

«Алтын алқа» мен «Күміс алқа» төсбелгілері – көпбалалы аналардың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан өлшеусіз үлесіне мемлекет тарапынан көрсетілген құрмет пен ризашылықтың айрықша белгісі. «Күміс алқа» төсбелгісі алты бала туып, тәрбиелеп өсірген аналарға, ал «Алтын алқа» жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналарға табысталады. Бұл ретте Нұра

ауданында сегіз анаға награда берілді. Олардың төртеуіне «Алтын алқа», тағы төртеуіне «Күміс алқа» төсбелгісі табысталды. Алматы ауданында елдің де-мографиялық дамуына және отбасылық құндылықтарды нығайтуға елеулі үлес қосқан 24 көпбалалы ана, оның ішінде 7 ана – «Алтын алқа», 17 ана «Күміс алқа» төсбелгісінің иегері атанды.

Салтанатты жиындар барысында аналардың қоғамдағы маңызды рөліне ерекше мән берілді. Ана еңбегі – шексіз мейірім мен сабырды, бар күш-жігерді талап ететін күнделікті үлкен жауапкершілік. Отбасындағы жылулық пен татулықтың сақталуына, ұрпақтар сабақтастығының жалғасуына да аналардың қосар үлесі зор.

Қай дәуірде де зерттеушілердің назарында болған Шортанбай Қанайұлы шығармашылығы заман ағымына сәйкес біресе аспандатып, біресе жақынын жардан итергендей құрдымға құлдилатқан күрделі үдерістен өтті. Әйтсе де әр ғасырдың саяси мінберінен айтылған, әртүрлі қысыммен жеткізілген әр түрлі ғалымның тоқтамы мен тұжырымы Шортанбай шерін шегіне жеткізе тарқатпай, өзінің нысаналы кезеңін күтіп жатқандай әсер қалдыратын. Алдыңғы буын Мұхтар Әуезовтен бастап, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Сәйділ Талжанов, Қажым Жұмалиев, бертін келе Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Мұхтар Мағауин, Мекемтас Мырзахметов, Бауыржан Омаров зерттеулері ақын есімін ұмыттырмай, ел жадында жаңғыртып келді.

Айгүл
УАИС

2018 жылы Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) туғанына 200 жылдығын атап өту кезінде, ақын сүйегі жатқан Қарағанды облысы Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда үлкен іс-шаралардың басы-қасында болғанымды сағынышпен еске аламын. Жазушы Кәмел Жүністігі бастаған топ Шортанбай шығармашылығына қатысты ғылыми ізденістерді сараптап, ақын жинағын қайта бастырып, «Зар заман жыршысы» атты деректі фильм түсірді.

Осы тұста әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қанипаш Мәдібаеваның 1995 жылы қорғаған «Зар заман ағымы және Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясы әдебиеттегі және шортанбайтанудағы елеулі жаңалық, қазақ ғылымына жолашар қадам ретінде зор құрметпен айтылып жатты.

Ұлттық руханиятқа қазақы көзбен қарай бастаған елдің егемендік алған тұсындағы бұл зерттеудің маңыздылығы сол, Шортанбай шығармашылығын екі ғасырдың тоғысында жаңа ғылыми арнаға бастаған тәуелсіз қадамының тұсауын кесіп, жаңа көзқарас қалыптастыруға сеп болды. Араға жылдар салып, ғалым апайымыз Шортанбай мұрасына қайта-қайта оралып отырды, ізденісін тоқтатпады.

2013 жылы Қанипаш Мәдібаеваның құрастыруымен «Ана тілі» баспасынан «Шортанбай Қанайұлы шығармалары» атты кітап жарық көрді. Жинақта ақын мұрасынан басқа сынды көрнекті ғалымдардың мақалаларды топтастырған болатын.

Егер әңгімені әріден бастасақ, шортанбайтануда Мұхтар Әуезовке тірелетініміз анық. Ұлы жазушының мына хатында айтылған: «Шортанбайдың тек-төркінін ашу керек. Бұл жай әр заманда, әр елде болған діншіл пессимизм, мистика, ақырзаман мотиві арқасында туған. Осының Орта Азия мен жалпы Россия мұсылмандары арасындағы түбі-тегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметіне» барады. Қырғызда Молда Қылыш шығармаларында «Зар заман», «Тар заман», «Кер заман» деген сияқты сарындар туған. XVI ғасырда Орта Азияда Софы-Аллаяр сияқты талай мистик, пессимистер шыққан. Осының аяғы Қазақстанда 1916 жылғы



ШОРТАНБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ЖОЛ АШАРЫ

Албан Асан шығармаларына шейін жетіп, өзінің әсерін тигізеді. Абай сол софилық сарынындағы ишандарға қарсы, өзінің «Ғақлият-Тасдиқат» деген «38-сөзінде», аса қатты сын айтады. Оларды «ахлітари-хат» деп, мистикалық жағынан шенейді. Яссауи Шортанбайлардың түп сарыны, кейде сол «түркі дүния» нанымына ауысады. Осы жайларды көп таратпаса да, аша сөйлеу қажет» деп жазғаны осыған дейін айта алмай келген мәселенің ұштығын шығарады» деген екен.

Ғұлама ғалымның жаңа туған сәбиге ит көйлегін теріс кигізгендей ойын айналдырып айтып, шындығын бүркемелегенімен ақын шығармашылығының әлі де терең үңілуді қажет ететін тұңғығын меңзегенін түсінуге болады.

Мұндай міндетті ғалым Қанипаш Мәдібаева да жақсы түсінді. «Дәл қазір Шортанбай төңірегінде тарам-тарам болып, өрбіп кетер, ұшын ұстаған ұшығына жеткізбестей қыруар шаруа тұр. Ең әуелі, Шортанбай мұрасына мазмұндық-тақырыптық, саяси әлеуметтік, көркемдік жақтан

тұтас сипаттама беруге келу үшін, ақын ақиқатын ашу үшін оның әдеби мұрасын жиып-теріп тұтас қамтып, елеп-екшеуге күн ұзатпай кірісу қажет. Бұл – бірер шаруамен, қайсыбір жайдың басын шалумен біте қалмайтын ғылыми эстетикалық құбылыс» дейді.

Қанипаш Мәдібаева Шортанбай мұрасын жан-жақты зерттеуімен қатар алдағы уақыттағы жас ғалымдардың міндетін былайша ашып беріп отыр. «Осы тұрғыдан келгенде ақын мұрасын бағалаудағы негізгі шаруаның бірі – жарияланған, басылым көрген өлең-толғаулардағы жаңсақтықтарды айғақтауға ұмтылу. Яғни, мүмкіндігінше ақын мұрасының ғылыми текстологиясын жасау» деп көрсетеді.

Қ.Мәдібаева осы мақсатта біраз салыстыру, айғақтау жұмыстарын жүргізді. «Ғылым талабы, әдеби мұраға деген өркеніетті талап тұрғысынан келсек, Шортанбай мұрасын ақта-рып-төңкеруге, арнайы, мақсатты зерттеулерге мұқтажын бір еңбектің көлемінде өтеу мүмкіндігі шектеулі екендігін ескере отырып, ақын мұрасы-

“

Қанипаш Мәдібаева Шортанбай мұрасын жан-жақты зерттеуімен қатар алдағы уақыттағы жас ғалымдардың міндетін былайша ашып беріп отыр. «Осы тұрғыдан келгенде ақын мұрасын бағалаудағы негізгі шаруаның бірі – жарияланған, басылым көрген өлең-толғаулардағы жаңсақтықтарды айғақтауға ұмтылу. Яғни, мүмкіндігінше ақын мұрасының ғылыми текстологиясын жасау» деп көрсетеді

на зар заман ағымы, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі; әдебиеттегі діни сарын; жыраулық өнер ерекшеліктері; төңкерістен кейінгі басылымдар негізіндегі салыстыру, пайымдалар; қайсыбір өмірбаян деректері аясында тоқталдық; міндетті түрде зерттеуді, тереңде-

туді қажет етіп жатқан жайлардың қайсыбірін назарға ұсындық; арғы-бергіде әдебиеттану ғылымында ақын мұрасына берілген бағаның қыр-сырын, астар-айғағын, түрлі себептерін түйіндеп, тұжырымдауға ұмтылдық; ақын шығармаларына мазмұндық, белгілі бір дәрежеде көркемдік талдау жасадық; Шортанбай мұрасын зерттеудің қайсыбір келешек міндеттері жайлы ой қозғадық. Қазақ өлеңінің поэтикасы аясында Шортанбай өлеңінің жанр, түр ерекшелігін ашу, тұжырымдау, сатиралық элементтерге назар аудару да өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді» дей келе ұшан-теңіз жұмысты термелеп қортындылайды.

Қанипаш апайдың шортанбайтанудағы алғашқы кандидаттық ғылыми еңбегін жазғалы отыз жылдан астам уақыт өтті, оның бер жағында да ақын мұрасына қатысты біршама дүниелер жазылып, ақын өміріне қатысты кейбір тұстары анықталып халыққа жетіп жатты. Соның бірі Шортанбайдың шын атының анықталуы және оның азан шақырып қойған аты – Әли-Мұхаммед екенін «Жанбайұлы үшбу дұғаны Жұманға мүбәрак болсын. Дұғамызды Алла қабыл қылсын. Бұл дүниеде аман қылсын. Ақыретте иман үшін. Бұны жазушы: Ғали (Әли) Қожа. Оқығандардан иман дұға үшін. Шын атым Молла Ғали Мұхаммед. Қолымнан келгені осы» деп қолтаңбасы қалған дұғадағы дерек бойынша расталды.

Дегенмен, қазіргі күнде бұл тақырып сәл саябырсып, «зар заман ақындары» деген алтын қазынаны құрайтын ақын-жырауларымыздың мұрасы кем айтылып жүр.

Кезінде 1927 жылы М. Әуезов «Зар заман ақындары» деген атпен мақала жариялап, бұл бағытты жеке ағым ретінде қарастырды. «Зар заман деген – XIX өмір сүрген Шортанбай ақынның заман хәлін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» деп, атаусыз қалып бара жатқан ақындардың мұрасын жинақтап, халық қазынасын жыр сандыққа салып қойды.

Жазушының дуалы аузынан шыққан бір ауыз сөз сол кезеңдегі ақын-жыраулардың мұрасын топтап, оның шашауын шығармай бүгінгі кезеңге алып келуіне көп әсер еткенін айту керек. Қанипаш Мәдібаева да осы атауға оралып, М.Әуезов жүйелеуіндегі «зар заман әдеби ағымы» мынандай мәселелерді ажыратудан барып зар

ғақталатынын сараптап берді.

Халық поэзиясының тағы бір соқталы түрі – зар заман (скорбная поэзия) мен толғау. Бұл өлеңдерде салт-сананың бұзылуы жырланады, халық өнерінің көне әдет-ғұрпы мен ескі салттарының құлдырауы, билер мен әкімдердің паракорлығы мен пәтуасыздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұтауы, жайылым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шырайлы жерлердің кесіліп берілуі, жердің тозуы, аштық, жұт, т.т. сөз болады; бұрынғы өмір мен ескі салт-дәстүрлер мадақталып, кейінгі өзгерістерге зар айтылады» дегендерді идеялық-тақырыптық жағынан зар заман ағымына жақында-та беруге болатынын аңғарамыз. Мәдібаева зерттеулерінің ерекшелігі сол – Шортанбай бастаған зар заман ақындарының шығармашылығының әдеби сипатын анықтап, ғылыми негіздемесін жасады.

Алайда халық мұрасына заман мінберінен қараған ғалымдардың соңғы жылдардағы пікірлері зар заман ақындарының жаңа қырын айшықтауға көмектесіп, ой тастайды. Соның бірі ғалым Мекемтас Мырзахметов зар заман әдебиетін орыс отаршылдығына қарсы туған сипатына қарап: «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет» деп атауды ұсынады. Расында да, «әдебиет тарихында аса белгілі, алабөтен қалыпта пайда болған үлкен әдеби процесті, әдеби ағымды арнайы сөз етпеу, елемей қою – ғалым үшін қиянат» деп Қанипаш апай да бұл пікірдің негізсіз еместігіне мән береді. Қарап отырсаңыз, әртүрлі ғалымдар Шортанбай ақынның мұрасын өз биігінен қарай келе «тар заман» шеңберінен алып қарауға талпынғанын байқаймыз.

«Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» оқулығына енген «Зар заман ақындары» атты зерттеуі күні бүгінге дейін құнын жоймаған, ілгеріде де жоймайтын, жылдан көшінде, саясат желінің өтінде жоғалтқанымызды табуға тірек болатын, мәні зор еңбек» деп ғалымның атап көрсеткеніндей, Шортанбай (Әли-Мұхаммед) жырлары барша қазақтың жүрегінде жатталатыны анық.

Бұл тіректің күллі қазақ баласына баянды болып, рухани қазығына қайта айналар сәтінде де Шортанбай бастаған зар заман ақындарына жүгінетіміз анық. Бұл әсіресе ұлттық діңгегімізден ажырап, құндылықтарымыз жаһандандудың аш өзегіне жұтылып бара жатқанда қатты ойландырады. Зар заман ақындары деп тарих диірменінің үнірегіне иленіп кетуден бір сақтаса, оны келешек ұрпақтың несібесіне деп, сол ұрпақтың қажетіне деп қорғаған болар. Сол себепті де зар заман ақындары деген атаудың орнына қазақтың қырық құрым болған ұлттық құндылықтарын жақтаған ақындары десек орынды сияқты.

ЖАҢА МАУСЫМҒА ДАЙЫН

«Астана балет» театры XIV театр маусымын ашуға дайындалып жатыр. Жаңа маусым ауқымды халықаралық жобадан басталады, содан кейін әр түрлі елдердің әртістерін бір сахнаға біріктіріп, әлемдік көрерменге қазақстандық хореография өнерінің байлығын ұсына отырып, Қазақстаннан тыс гастрольдермен жалғасады.

28-29 тамызда театр сахнасында Корей ұлттық балетінің гастрольдік көрсетілімдерімен маусымның шымылдығы ашылмақшы. Жоба Корейнің Қазақстандағы елшілігімен және Korean National Center бірлесе отырып іске асырыла-

ды. Көрерменге классикалық балет мұрасының жарқын үлгісінің бірі – Сон Чжонбиннің хореографиясындағы Адольф Аданның музыкасына шығарылған «Корсар» спектаклі ұсынылады. Қойылым романтикаға, шытырман оқиғаға,

драмалық иірімдерге, махабат үшін күреске толы асыл корсар Конрад пен сұлу Медора туралы әйгілі оқиғаға негізделген.

Алайда «Астана балет» халықаралық бағдарламасы мұнымен аяқталмайды. Маусым

ашылғаннан кейін труппа елден тыс жерлерге сапар шегіп, қазақстандық хореографиялық өнерін ел аузындағы шетелдік сахналарда көрсетуді жалғастырмақшы: әртістер Вьетнам мен Францияда өнер көрсетеді. Шетелдік қойылымдар аясында «Астана балет» әртістері – Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрінен шабыт алған хореографиялық миниатюралардың жарқын топтамасын ұсынады. Бұл қойылымдар халықаралық көрерменді қазақстандық би

мектебінің бірегей пластикамен, ұлттық мәдениетімен және отандық хореография өнерінің заманауи көзқарасымен таныстыруға мүмкіндік береді.

Театрдың халықаралық бағдарламасында Аустрияға гастрольдік сапар ерекше орын алады. Венада театрдың заманауи репертуарын бейнелейтін «Blind Forgiveness» және «Қос кілем» балеттерінің көрсетілімі өтеді.

«Жаңа маусымда бізді көп-

теген қызықты оқиғалар мен ауқымды премьералар күтіп тұр. Көрермен қауым екі актілі балет қойылымын, симфониялық музыка концерттерді, жарқын концерттік бағдарламалар мен жаңа шығармашылық жобаларды тамашалай алады. Әркім өзіне ерекше бір нәрсе табатынына сенімдімін, ал жаңа маусым біздің жұртшылыққа көптеген ұмытылмас әсер сыйлайды», – деді театрдың көркемдік жетекшісі Нұрлан Қанетов.

ЕЛОРДА СПОРТШЫЛАРЫ ЕРЛЕП ТҰР

Елордада кәсіби спортты дамытумен қатар, болашағынан үміт күттіретін спортшыларды қолдауға да ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда 376 спортшы ай сайынғы ақшалай төлеммен қамтамасыз етілген.

Жылдың алғашқы алты айы Азия және әлем чемпионаттарындағы бірқатар айтулы жеңістермен ерекшеленді.

Елордалық боксшылар да жоғары нәтиже көрсетті. Ұлан-Батырда өткен ересектер арасындағы Азия чемпионатында Нұрбек Оралбай 85 келіге дейінгі, ал Айбек Оралбай 90 келіден жоғары салмақта құрлық чемпионы атанды. Валентина Хальзова 70 келіге дейінгі салмақта қола медаль иеленді.

Ал Ташкентте өткен U15-U17 жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінде Нұрислам Бақтыбаев пен Сабыржан Сағым тағы екі алтын медаль жеңіп алды.

Елорда балуандары да байрақты бәсекелерде топ жарды. Дананг қаласында өткен U23 арасындағы Азия чемпионатында Ризабек Айтмұхан еркін күрестен жеңімпаз атанса, Айбек Айтбеков грек-рим күресінен 60 келіге дейінгі салмақта чемпион болды. Әйелдер күресінен Гүлмарал

Елорда спортшылары жарты жылда мыңнан астам алтын медаль жеңіп алды. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Астана спортшылары түрлі деңгейдегі 668 жарысқа қатысты. Оның 233-і халықаралық, 435-і республикалық деңгейдегі додалар. Осы жарыстарда елорда спортшылары 2712 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 1069-ы – алтын, 844-і – күміс, 799-ы – қола екенін айта кету керек.



Еркебаева, Динара Дауылқызы және Жәмила Мехдиева құрлық біріншіліктерінің қола жүлдегерлері атанды.

Астана спортшыларының жалпы медаль қорына атыс спортының өкілдері де елеулі үлес қосты. Дохада өткен стенд атудан Азия чемпионатында Әділ Садақбаева алтын, Влади-слав Заводиленко қола медаль

иеленді. Нью-Делиде өткен оқ атудан Азия біріншілігінде елордалық спортшылар тағы сегіз жүлде жеңіп алды. Олардың қатарында Кирилл Цукановтың алтыны бар. Ал Зулде өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Асылым Жақия ең жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Байдарка мен каноэде ескек

есу спортынан да жоғары нәтижелер тіркелді. Хэфайде өткен ересектер арасындағы Азия чемпионатында Эвелина Костенко қола жүлдегер атанды. Түркістанда өткен жасөспірімдер мен U23 спортшылары арасындағы құрлық біріншілігінде елордалық ескекшілер бірнеше мәрте тұғыр биігіне көтерілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарында Анастасия Прибыткова, Эвелина Костенко, Нүртілек Иман, Мадияр Канекен, Егор Краснонос және Юрий Горбов бар.

Олимпиадалық спорттың өзге түрлерінде де елордалық спортшылар жақсы нәтижелер көрсетті. Тяньцзиньде өткен жабық ғимараттағы жеңіл атлетикадан Азия чемпионатында Кристина Кондрашова әйелдер арасындағы 4×400 метрлік эстафета құрамында құрлық чемпионы атанды. Ал ерлер арасындағы осы қашықтықтағы эстафетада Мәди Төкенов қола медаль жеңіп алды. Нью-Делиде өткен семсерлесуден Азия чемпионатында Назарбай Саттархан командалық есепте қола жүлдеге қол жеткізді.

Бішкекте өткен көркем гимнастикадан Азия чемпионаты елорда спортшылары үшін айрықша жемісті болды. Астана өкілдері екі алтын, он күміс және төрт қола медаль – барлығы 16 жүлде жеңіп алды. Құрлық біріншілігінде Линара Жайлауова шығыршықпен, Анель Дінішева таспамен жаттығуда жеңімпаз атанды. Жеке және топтық жаттығуларда Айғаным Рысбек, Анна Рубцова, Айбота Ертайқызы, Ақмарал Ерекешева және елорданың басқа да гим-



настшылары жүлдеге ие болды.

Велоспортшылар үшін де маусым сәтті басталды. Филлиппинде өткен Азия чемпионатында Мұрат Күйтенов екі алтын және бір күміс медаль жеңіп алса, Рамис Дінмұхаметов күміс жүлдегер атанды. Елордалық триатлоншылар да құрлықтық жарыстарда үздік нәтижелер көрсетті. Диана Ержанова мен Рамазан Айнегов жарыс жеңімпаздары атанса, Алуа Нұрмұхамбет пен Рамазан Айнегов күміс және қола жүлделерді қоржынға салды.

Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерінің өкілдері де лайықты нәтиже көрсетті. Алматыда өткен джиу-джитсудан Азия чемпионатында Астана спортшылары бес алтын, жеті күміс және екі қола медаль жеңіп алды. Бішкекте өткен белбеу күресінен Азия чемпионатында елордалық команда екі алтын және бір қола жүлдеге қол жеткізді. Ал Манилада өткен спорттық және жауынгерлік самбодан құрлық біріншілігінде екі алтын және бір күміс медаль иеленді.

Шымкентте өткен дәстүрлі садақ атудан Азия чемпионатында Айкөркем Байтихан, Фариза Сабыржан және Қасымхан Қанат елорда қоржынына әртүрлі дәрежедегі алты жүлде салды.

Елорда уатерполшыларының да жетістігі елеулі болды. Куала-Лумпурда өткен U18 арасындағы Азия чемпионатында Дарина Каримова, Әдия Амангелдиева және Алима

Нұрлан Қазақстан құрамасының сапында күміс жүлдегер атанды. Ал Алмас Бакиянов пен Данияр Сәрсекеев қола медаль иеленді.

Елорда спортшылары әлемдік деңгейдегі додаларда да өз мүмкіндіктерін дәлелдеді. Бангкокта өткен муайтайдан әлем чемпионатында Астана спортшылары бес алтын, үш күміс және екі қола – барлығы он медаль жеңіп алды. Әлем чемпиондары атанғандардың қатарында Әди Аманов, Арлан Аубакиров, Мұстафа Байшулақ, Қайрат Серік және Қайратбек Жарекеев бар.

Ташкентте өткен WT таеквондодан әлем чемпионатында Айым Серікбаева алтын медаль жеңіп алып, Қазақстан таеквондосы үшін тарихи нәтижеге қол жеткізді.

Жас шахматшылар да жоғары нәтиже көрсетті. Сербияда өткен кадеттер мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Астана өкілдері тоғыз медаль жеңіп алды. Венера Жәкишева алтын және күміс медаль иеленсе, Алиша Бисалиева алтын жүлдеге қол жеткізді. Алимжан Жауынбай мен Ергали Сүлеймен күміс, Нұрали Нұршин, Әдинұр Әділбек және Ақнұр Мамақова қола медаль тақты.

Медальды нәтижелер сериясы Солт-Лейк-Ситиде өткен шорт-тректен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында да жалғасты. Бұл жарыста Богдан Вехов пен Нұрия Алпысбай қола жүлдегер атанды.

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – көшпелі халықтардың дәстүрі мен ұлттық спорт түрлерін дәріптейтін халықаралық деңгейдегі ірі дода. Бәсекеде әлемнің түкпір-түкпірінен келген спортшылар көшпенді өркениетке ортақ спорт түрлерінен бақ сынайды. Былтыр елімізде ұйымдастырылған бұл дода биыл Қырғызстанда өтеді.

Шапағат ӘБДІР

Осы байрақты бәсекеге елордалық спортшылар да жолдама алды. Алматы қаласындағы Орталық ипподромда бәйге түрлерінен Қазақстан чемпионатының іріктеу кезеңі өтіп, жорға жарыстан сынға түскен Астана командасы жүлделі орындардан көрінді.

9 шақырымдық қашықтықтағы тартысты жарыста «Экспресс Лок» атты сәйгүлік мәре сызығын бірінші болып кесіп,

алтын жүлдеге ие болды. Ал «Каратал» екінші орын алып, күміс медальді еншіледі. Жалпы жарысқа тоғызға жуық спортшы қатысты.

Бәсекеде 13 жастағы жас шабандоздың өнері де ерекше назар аудартты. Команда сапына жақында ғана қосылғанына қарамастан, ол алғашқы жарыстарының бірінде-ақ жақсы нәтиже көрсетіп, екінші орыннан көрінді. Бұл жас спортшының болашағынан үлкен үміт күтетінін аңғартты.

Жаттықтырушы әрі чемпион

Алия Тоқтасынованың айтуынша, Алматыдағы жарыс команда үшін айрықша маңызға ие болды. Себебі Қазақстан чемпионаты Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына іріктеу кезеңі саналады.

«Бұл біз үшін аса маңызды жарыс болды. 9 шақырымдық қашықтықта сынға түсіп, бірінші және екінші орындарды иелендік. Әсіресе, 13 жастағы жас шабандозымыздың нәтижесі қуантады. Ол командалымызға жақында ғана қосылғанына қарамастан, жақсы нәтиже көрсетті. Осы жетістіктің арқасында Дүниежүзілік

көшпенділер ойындарына жолдама алдық. Ендігі басты мақсатымыз – тыңғылықты дайындалып, алдағы додада Астана мен Қазақстанның намысын абыроймен қорғау», – деді Алия Тоқтасынова.

Елордалық спортшылар үшін келесі маңызды сын 29 тамызда Алматыдағы жарыс команда үшін айрықша маңызға ие болды. Себебі Қазақстан чемпионаты Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына іріктеу кезеңі саналады.

Ал одан кейін спортшылар Қырғызстанға аттанып, 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысады. Халықаралық додада елордалық шабандоздар жорға жарыстан 11 шақырымдық қашықтықта сынға түсіп, Қазақстанның намысын қорғайды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 100
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР